**2023-2024 оқу жылының  тәрбие жұмысының талдауы**

2023-2024 оқу жылындағы  тәрбие мазмұнын айқындауда әзірленген «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша тәрбие жұмысының жоспары Қазақстан Республикасы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес Қазақстан Республикасының Оқу- ағарту министрлігінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі  №294 бұйрығы, Ақтөбе облысы  білім басқармасының 2023жылғы 20 қыркүйектегі №398 бұйрығы, Ақтөбе қаласының білім бөлімінің 21 қыркүйектегі №303 бұйрығына сәйкес Біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде мектептің тәрбие жұмысы ұйымдастырылды.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:**

*Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.*

**«№30 қазақ орта мектебі»КММ  миссиясы**:

*«Білім алушылардың бойына жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды сіңіру арқылы  жан-жақты жеке тұлғаны тәрбиелеу»*

**Тәрбиесінің өзекті мәселесі:**

*«Жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруда құндылықтарды сіңірудің тиімді жолдары»*

**Міндеттері:**

- Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
- Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға,

отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

- Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік
  қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
- Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
- Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

**Күтілетін нәтиже:**

- ✓ Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы
  татулығы мен берекесін қадірлейді.
- ✓ Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды
  борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
- ✓ Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзінеберік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты
  жоғары бағалайды.
- ✓ Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
- ✓ Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа
  жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

## Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

### Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;

- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

**Күтілетін нәтижесі:**

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді
- Құқықтық және экологиялық мәдениетті жоғары бағалайды

**Ар-ұят құндылығы:**

- Академиялық адалдық қағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету;
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірмүшесі екенін сезіну;

**Күтілетін нәтижесі:**

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді;

**Талап құндылығы:**

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орната білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

**Күтілетін нәтижесі:**

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

**2023-2024 оқу жылының Біртұтас тәрбие бағдарлама аясында келесі жобалар жүзеге асырылды:**

1. «Оқуға құштар мектеп»
2. «Балалар және театр»
3. «Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс)
4. «Ұшқыр-ой алаңы»
5. «Жеткіншектің жеті жарғысы»
6. «Ұлттық мектеп лигасы»
7. «Ғаламтор қауіпсіздігі»
8. «Төрт тоқсан-төрт өнер»

9. «9 ай - 9 іс-шара»
10.«Ата-аналар мектебі»

Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті – құқықтық базасы келесі құжаттар негізінде жүзеге асырылды:

1. Білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі №294 бұйрығы
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды) (10.03.2017 ж. берілген өзгерістермен және толықтырулармен) https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S1100000002;
3. Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 18 бұйрығы . https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013067
4. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV (02.07.2018 ж. берілген өзгерістермен және толықтырулармен); https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518
5. Орта білім беру ұйымдарында мектепішілік есепке алуды жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы . Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 3 наурыздағы № 61 бұйрығы
6. 2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/fulltext;
7. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt;
8. «Тұрмыстық зорлық -зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы 2009 жылғы 4 желтоқсандағы №214 – IV https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt;
9. «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР Заңы 2018 жылғы 02 шілдедегі №169 – VIhttps://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt;
10. «Білім туралы» ҚР Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 (04.07.2018 ж. берілген өзгерістермен және толықтырулармен); https://adilet.zan.kz/kaz/dos/Z070000319
11. «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы(24.05.2018 ж. өзгерістермен және толықтырулармен);https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/;
12. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы №483- IY 22.12.2016 ж. өзгертулермен және толықтырулармен);
13. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 1 маусымдағы №348 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері;
14. ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.
15. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 06 сәуірдегі №130 бұйрығы;

Аталған мақсат пен міндеттерді қалыптастыру мақсатында ұлттық құндылықтарға негізделген «Ұлттық мүдде», «Талап», «Ар-ұят» құндылықтарын білім алушылар бойына сіңіру мақсатында біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде тәрбие жоспары құрылды. **«Ұлттық мүдде»** құндылығы аясында Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу, Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу, ұлттық мұраға ұқыпты қарау, қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту, Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу, қоғам игілігі үшін қызмет ету, Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу, ұлттық мәдениетті дәріптеу мақсатында тәрбие жұмысы жобалармен кіріктіріліп, іс-шаралар өткізілді. Атап айтсақ:

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында 1 қыркүйек – Білім күніне арналған «Мектебім – алтын ұям» тақырыбында салтанатты жиын және сынып сағаттары өткізілді. Салтанатты шараға Ақтөбе облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Ауезов

Артур Талғатұлы қатысты. Сонымен қатар, жиынға мектебіміздің қамқоршылық кеңес мүшелері, ұлағатты ұстаздар, мектеп ұстаздары мен ата-аналар қатысты.Барлық кластарда сынып сағаттары өткізілді.



















https://www.instagram.com/reel/CwrUDMYoWfo/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/reel/Cwsbb2mMACo/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/p/CwvWmxKMavP/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Білім алушыларға патриоттық тәрбие берудің бастапқы қадамы- ол оқушылардың мемлекеттік рәміздерге деген құрмет сезімін ояту болып табылады. Әр елдің тәуелсіз ел, мемлекет екенін білдіретін ең басты үш белгісі бар. Олар: Елтаңба, Туы және Гимні.
Осы мақсатта мектебімізде әр дүйсенбі күні мектеп ұстаздары мен оқушыларының қатысуымен Мемлекеттік Гимн орындалды.









https://www.instagram.com/reel/C6nKygtoTE2/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/reel/C7LaPYYofg3/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

2023 жылдың 04-11 қыркүйек аралығында “Мәңгілік ел - мәңгілік тіл” атты тілдер күні мерекесінің онкүндігі ұйымдастырылды. Онкүндіктің ашылу салтанаты мектеп фойесінде өтті. Іс-шараға мектеп ұстаздары, тіл мамандары, 10-11 класс оқушылары және ата-аналар қатысты. Сонымен қатар, Алаш зиялыларының еңбектерін, нақыл сөздерінен

жасақталған танымдық бұрыш таныстырылып, онкүндікте өтетін іс-шаралар түрлері атап айтылды. Қазақ тілі мамандарынан мәнерлеп оқу челленджі басқа бірлестік мұғалімдеріне жолданды. https://www.instagram.com/reel/CwxZjbHsh1i/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

“Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында 05.09.2023ж.күні мектебіміздің кітапханашысы Данекерова М.А., қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Елубай И.Е. және 7”В” класының білім алушылары №4 М.Горкий атындағы қалалық кітапханаға саяхат жасап барды. Білім алушылар кітапхана қорымен, қоймасымен және де тематикалық көрмелермен танысты. Оқушылар сұрақтар қойды, қызығушылық танытып жүрген оқулықтары туралы сұрады. Кітапхана қызметшілері түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, балаларға арналған әдебиеттер қатарын ұсынды. Қызықты, мағыналы, танымдық саяхат болды. https://www.instagram.com/reel/Cw1iXRvluz9/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/p/Cw6lOPko56N/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Білім алушылардың тілге деген құрметін, Отанына деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында мектебімізде тілдер күні мерекесі аясында 5-11 класс білім алушыларының арасында жалпықазақстандық ашық диктант өткізілді.






https://www.instagram.com/p/Cw5NXy0sodO/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында «Ұл тәрбиесі- ұлт тәрбиесі» тақырыбында мектеп инспекторымен кездесу ұйымдастырылды. Мектепішілік жиын жасалды. Мектептің ішкі тәртіп ережелерінің сақталуы,құқық бұзушылықтың алдын алу, зиянды заттардың алдын алу тақырыбында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.






https://www.instagram.com/p/Cxpo7ibMW4R/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«Төрт тоқсан- төрт өнер» жобасы аясында «Мәңгілік ел және ұлы дала құндылықтары» тақырыбында жас ақындар сайысы өткізілді. Сайыстың негізгі мақсаты: атадан балаға мирас болған байлығымыз, қазынамыз туған тілге, көркем әдебиетке, оның ішінде поэзияға деген құштарлығын арттырып, өлең сөзінің құдіреті мен қуатын жанымен сезініп, жүрегімен түсіне білуге үйрету.






https://www.instagram.com/reel/Cw9I88ElxVC/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

“Қаһарман” әскери-патриоттық клубының мүшелері Біртұтас тәрбие бағдарламасының “Жеткіншектің жеті жарғысы” жобасының негізінде Ақтөбе облысы ҚХА жанындағы аналар кеңесінің «Мәдениетті ана – мәдениетті ұлт» жобасы аясында Ақтөбе қаласының № 30238 әскери бөлімі сарбаздарымен өткізілетін «Отанның сенімді қорғаушысы» мәдени-көпшілік іс-шарасына қатысып, Ант беріп, “Жас сарбаз” қатарына қабылданды. Аналардың ақ батасын алды.Бұл шараның жастарды өз Отанының адал патриоты болуға тәрбиелеуде, қоғамға белсене араласуына көмектесуде, өз еліне сүйіспеншілігін арттыруда маңызы өте зор болды.






https://www.instagram.com/p/Cylp4OxMIQm/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Тоғыз айға , тоғыз іс-шара” жобасы аясында Республикалық “Қыран елім- Қазақстан!” Мемлекеттік Гимн айту челленджіне мектеп ұстаздары, мектеп әкімшілігі, білім алушылары қатысты.






https://www.instagram.com/reel/CynSlq6MOL9/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

25 қазан - Республика күніне орай бастауыш класс оқушылары арасында “Тәуелсіз елім - Қазақстаным” суреттер байқауы , 10-11 класс оқушылары арасында “Менің арманымдағы Қазақстан” тақырыбында эссе байқауы ұйымдастырылды.






https://www.instagram.com/p/CyohQHnM8Ru/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/reel/CyoZhUXM15W/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/reel/Cyvj8Zns1Od/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

25-қазан Республика күніне арналған іс- шаралар жоспарына сәйкес “Қыран елім - Қазақстаным!” атты мерекелік концерт ұйымдастырылды. Мерекелік салтанатты шараға мектеп ұстаздары, мектеп ата-аналары, білім алушылар қатысып, өнерпаз білім алушыларымыздың өнерін тамашалады. Мектеп директоры құттықтау сөз сөйлеп, халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық деңгейде жетістіктерге жеткен білім алушыларымызды марапаттады.Сынып сағаттары өткізілді.









https://www.instagram.com/reel/CyyJ-1eMeux/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/p/Cy0w0Ghsh0u/?utm_source=ig_web_copy_link
https://www.instagram.com/p/Cy0kgmOMlnX/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

20- қараша Дүниежүзілік Балалардың құқығын қорғау күніне арналған “Бала құқығы-асыл қазына” тақырыбында “Ұлттық мүдде”, “Талап” құндылықтарына негізделген іс-шаралар 9йымдастырылды. Мектепішілік жиында мектеп директорының тәрбие орынбасары М.Мукатова балалардың құқығы мен міндеттері туралы түсіндірме жұмысын жүргізіп, жетістіктерге жеткен білім алушыларды марапаттады. Апталық аясында сурет байқауы ұйымдастырылды. Мектептің әлеуметтік педагогы А.Танашбаева, мектеп психологы Г.Аккалышева білім алушылардың өз қиялдарымен тақырыпқа сай сурет салуына қолайлы жағдай жасады. Білім алушыларымыз сурет байқауына ұлттық киіммен қатысты.













https://www.instagram.com/reel/CzmEeu8sod5/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/reel/CzlIJfCs8-z/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/p/CzlF3DMsJ85/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/p/Cz1jeGrowyz/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

15 қараша Ұлттық валюта - теңге күніне орай “Жас Ұлан” балалар мен жасөспірімдер ұйымының “Еңбек” және “Экоәлем” бағыты мектеп оқушыларына көңілді де қызықты қоңырау ұйымдастырды. 1-7 класс оқушылары арасында суреттер байқауы, “Теңге-тәуелсіздік келбеті” тақырыбында бірыңғай класс сағаттары ұйымдастырылды.








https://www.instagram.com/reel/CzrPubRsLl7/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/reel/CzrTk9us-3z/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/reel/CzuA0dnMK69/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/p/CzuBTPaMoye/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында нақты міндеттер қойып: «Біз Абайдың «толық адам» тұжырымын қайта зерделеуіміз керек. «Толық адам» концепциясы, шындап келгенде, өміріміздің кез келген саласының, мемлекетті басқару мен білім жүйесінің, бизнес пен отбасы институттарының негізгі тұғырына айналуы керек деп есептеймін» - деген болатын.
Осы орайда мектебімізде 20.11.2023 ж "Абай сөзі - қазақтың бойтұмары" тақырыбында қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестігі апталығының ашылу салтанаты өтті.
Шараға мектеп ұстаздары, 10-11 класс оқушылары қатысып, сахналық қойылым тамашалады. Халықтың игі мәдени дәстүрлері сынды тәрбиелік мәні бар шара болды.





https://www.instagram.com/reel/Cz4SCWbMSiW/?utm_source=ig_web_copy_link

Тарих-жаратылыстану пәндер бірлестігі апталығының ашылуы. Тақырыбы: “Кемелденген ел кепілі- тәні сау, рухы биік, саналы ұрпақ”. Мақсаты: білім алушылардың бойына ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтарын дарыта отырып, дені сау, рухы биік, саналы ұрпақты тәрбиелеу арқылы кемелденген ел тұлғасын қалыптастыру. Шара барысында ұстаздар мен білім алушылар біртұтас тәрбие құндылықтар бойынша топтық жұмыстарға қатысты. Абайдың қара сөздерін, Шәкәрімнің мінсіз ақыл,адал еңбек,таза жүрек адамның жақсы өмір сүруі үшін үш қасиетін, Міржақыптың “ Мен қазақпын”сахналық қойылымын сахналады.






https://www.instagram.com/reel/C0LzBM-MhY0/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

“Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн” акциясы аясындағы іс-шаралар жоспарына сәйкес “Бақытты бала- бақытты отбасы-бақытты ел” ұранымен “Біз зорлық - зомбылыққа қарсымыз!” атты ФЛЕШМОБ ұйымдастырылды. Флешмобқа мектебіміздің 9-10 класс білім алушылары, ұстаздар, ата-аналар “Парламент” , “Жасұлан” өзін өзі басқару ұйымының мүшелері сонымен қатар мектебіміздің “Даналық мектебі” аналар,әкелер клубының мүшелері, белсенді, үлгілі отбасылардың бірі Махановтар отбасы қатысты.








https://www.instagram.com/reel/C0mF8ZKMfVJ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/reel/C0loEjWsBkU/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы аясында, 16-желтоқсан Тәуелсіздік күніне арналған сынып сағаттары, “Тәуелсіздік мен үшін” мәнерлеп оқу челленджі өткізілді. Сонымен қатар, Халық қаһарманы, қазақтың қас батыры Қасым Қайсеновтың туғанына 105 жыл толуына орай өткізілген “Батыр Қасым” атты қалалық конференцияға белсенді қатысқан мектебіміздің 10”А” класс оқушысы Шынтас Азамат алғыс хат иеленді.









https://www.instagram.com/reel/C0wuieOsh-W/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/p/C0riimMMIFY/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/reel/C0wBTWOM1F_/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/reel/C03Wh2jsVGu/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/reel/C056eY6s0ci/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде “Ұлттық мүдде” құндылығын жасөспірімдердің бойына сіңіру және патриоттық тәрбие беру мақсатында ұйымдастырылған ерлік сабағы өткізілді. Шараға ауған соғысының ардагерлері: Балқасынов Аслан Нұрқасымұлы, Кариев Самат Әбенұлы, Жұмабеков Аманкелді Байышұлы қатысты. Кездесуге 10-11 сынып білім алушылары қатысып, Отанына деген патриоттық сезім өз Отбасына деген құрметтен басталатынын, тілін қастерлеу, Мемлекеттік рәміздерді, тарихын құрметтеуден басталатынына тағы бір мәрте ой тұжырым жасады.






https://www.instagram.com/reel/C2QTMqIMZoG/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

“Қаһарман” әскери-патриоттық клубының мүшелері және 8-11 класс ер балалары «Ер бала тәрбиесі-ертеңгі сәтті отбасының кепілі» атты кездесуге қатысты. Кездесуге Аналар кеңесінің төрағасы Актөбе облысы ҚХА жанындағы аналар кеңесінің төрағасы Сергалина Рауза Сатымқызы, Ақтөбе облысы ҚХА жанындағы Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Рахиев Роман Рахиұлы , Актөбе облысы ҚХА жанындағы аналар кеңесінің мүшесі Маканова Бағила Макановна Ақтөбе қаласының № 47 ЖОББМ директорының тәрбие жөніндегі орынбасары Қалышев Ербатыр Қанатұлы қатысып,«Қазақ халқының ер бала тәрбиесіндегі ерекшелігі», «Ер бала тәрбиесіне қатысты кейбір кеңестер», «Ер баланың мектептегі орны, ортамен қарым-қатынасы» , “Зиянды заттардың зияны” (Есірткіден аулақ бол!) тақырыптарында ой қозғады. Сонымен қатар, мектебімізде жүргізіліп жатырған “Қаһарман” әскери-патриоттық клубының жұмыстары көрсетілді. Тарих пәнінің мұғалімі, 10”А” класс жетекшісі Джугунусова Айнур Дощанқызы кластағы ер балалармен жұмыс жасау ерекшелігі тақырыбында өз іс- тәжірибесімен бөлісті.




https://www.instagram.com/reel/C2fgYl5MGVP/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Білім алушылар бойында Отанына деген патриоттық сезімдерін арттыру мақсатында “Жас жауынгер-2024” әскери спорттық сайысы ұйымдастырылды. Әскери –спорттық сайысқа мектептің 10-11 класс білім алушылары қатысты.







https://www.instagram.com/reel/C2-YYyuME0A/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

2023-2026 жылдарға арналған мүдделі мемлекеттік органдармен бірлескен жоспарды іске асыру мақсатында “Жеткіншектің жеті жарғысы” жобасы негізінде “Жеткіншек білу керек қағидалар- болашаққа жол” тақырыбында апталығы аясында заңгер, кәсіби медиатор Аймағанбетова Айнур Құранияқызы 9-класс білім алушылары арасында “Медиация - дауларды шешудің мәдениетті жолы” тақырыбында буллинг, құқықбұзушылықтың салдары туралы оларды шешу жолдарын түсіндіріп, білім алушылармен пікір алмасу жүргізді. Сонымен қатар, апталық аясында “Даналық” мектебі әкелер клубының жоспарына сәйкес 10-11 класс білім алушылары арасында кездесу өткізілді. “Деструктивтік діни ағымдардан сақтану- өзіннің болашағын үшін” атты кездесуге мектепішілік қамқоршылық кеңесінің мүшесі, әкелер клубының төрағасы, «Ақтөбе облысы әкімі аппараты» ММ, Бөлім басшысы Бектенгалиев Серік Асқарұлы қатысып, құнды мағлұматтар беріп, пікір алмасты.





https://www.instagram.com/reel/C3VK3PHs8fZ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/p/C3VOwpKMuJj/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/reel/C3VXwdEsz2p/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

“Жеткіншектің жеті жарғысы” жобасы аясында білім алушылар арасында ұсақ құқықбұзушылықтың алдын алу, буллинг, кибербуллинг, балалар арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында 6-7 класс ұл балалары арасында құқық қорғау қызметкерлері Кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер инспекторы Молдаш Нұржамал Алпысбайқызы, учаскелік инспектор, полиция капитаны Ешжанов Ұлан Ұзақбайұлы түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Фильмдер көрсетіліп, ой бөлісті.






https://www.instagram.com/p/C3Xt-gKsS7k/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Жоғары класс білім алушылары арасында “Жеткіншектің жеті жарғысы” жобасы аясында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында “Құқықтық сауаттылық- заман талабы” тақырыбында кездесу өткізілді. Кездесуге Астана ауданының № 1 ЖПБ жергілікті полиция қызметі бөлімшесі бастығының орынбасары полиция майоры Қазбек Айбекұлы Адайбаев және Астана ауданының №1 ЖПБ МӨҚБ ювеналды полиция тобының кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі учаскелік инспекторы майор полковник Шаукинова Қарылғаш Амангелдіқызы қатысты. Кездесуде жасөспірімдер арасында белең алған құқық бұзушылықтар жөнінде, құқықтық мәдениет туралы түсіндірілді. Кешкі мезгілде тыйым салынған уақыттарда ата-ананың қарауынсыз жүрудің салдары туралы да айтылып, түсіндірілді.







https://www.instagram.com/reel/C4iYVP8sUPg/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында ағымдағы жылдың наурыз күндері мектеп ұстаздары рейдтік шаралар ұйымдастырылды. Рейдтер мектебіміздің маңындағы компьютерлік клубтарға, кафелерге, ойын-сауық клубтарға, көпқабатты үйлердің ауласына және жертөрелерге ұйымдастырылды.





https://www.instagram.com/p/C4r7VUYMXU_/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/p/C54C-8HsP_P/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Полиция басқармасының анықтау бөлімінің бастығы полиция майоры Даурен Ерболатұлының қатысуымен "Кәмелетке толмағандардың құқығына қол сұғатын

әкімшілік құқық бұзушылықтар" тақырыбында кездесу ұйымдастырылды. Кездесу барысында Даурен Ерболатұлы окушыларға -ӘКБтК-ің 127-бап. Кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу және оған білім беру, оның құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі міндеттерін таныстырды.





https://www.instagram.com/p/C53KrD3MeS4/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Құқық бұзушылықтың алдын алу және жаз мезгіліндегі қауіпсіздік пен қоғамдық орындардағы тәртіпті сақтау мақсатында “Құқықбұзушылық пен жасөспірім” "Интернет желісіндегі алаяқтық" тақырыбында Ақтөбе қаласы ПБ Астана ауданының №1 ҚПБ Тергеу бөлімшесінің аға тергеушісі Кзылходжаева Айсәлем Амангелдіқызы түсіндіру дәрісін жүргізді.





https://www.instagram.com/p/C7Qu578syGn/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Біртұтас тәрбие бағдарламасының «Ұлттық мүдде» құндылығын білім алушылар бойына сіңіру мақсатында «Ұлттық киім» жобасы енгізілді. Әр жұма күні кластар бірдей ұлттық киім үлгілерін киіп, ұлттық ойындар ойнады.






https://www.instagram.com/reel/C3-92E2M_Rh/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/p/C3--WinMbBi/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/reel/C4g_k5hobZS/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Білім алушылар бойына ұлттық құндылықтарды дарыту мақсатында 10 А класс білім алушылары Өлкетану музейіне барып Ұлттық қорымен және музейдің түрлі экспонаттарымен танысты.Мұражайға саяхат жасау тұлғаның үйлесімді дамып, қалыптасуына зор ықпалын тигізетіні белгілі. Ұлттық мұраны қастерлеу бағытындағы бұл іс-шара барлық кластарда да жалғасын тапты.

 


https://www.instagram.com/p/C5BwyzOMzRy/?utm_source=ig_web_copy_link

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің құрылғанына орай ұйымдастырылған “ҚАҺАРМАН-2024” әскери- спорттық ойынында мектебіміздің Қ.Қайсенов атындағы “Қаһарман” әскери- патриоттық клубының мүшелері жүлделі ІІІ орын иеленді.

https://www.instagram.com/reel/C6T8pMfM74G/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Білім алушылар бойында патриоттық сезімдерін арттыру мақсатында дәстүрлі түрде мекепішілік Қ.Қайсенов атындағы «Қаһарман» әскерит-патриоттық клубының мүшелері арасында «Жас ұлан-2024» әскери-саптық байқауы өткізілді. Байқауға 5-8 класс білім алушылары қатысты.

  
  

https://www.instagram.com/p/C6gZgv4MMsS/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/p/C6gXd5JMKk7/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/p/C6gYy0WsMa9/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Мектебіміздің ер балалары Ақтөбе қаласының әкімдігінің қолдауымен Ақтөбе қаласы полиция басқармасының ат салысуымен Ақтөбе қаласының жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен “ADAL URPAQ” атты кездесуге қатысты. Кездесуге Ақтөбе қаласы полиция басқармасының бастығы полиция подполковнигі А.Калиев, “Ер - бақыт” спорттық клубының төрағасы ҚР ауған соғысы ардагерлерінің орталық кеңесінің төрағасы М.Қойлыбаев, М-1 жеңіл салмақтағы чемпион ММА жауынгері С.Морозов қатысты.Мақсаты: Жастар арасында достық қарым- қатынасты нығайту, жастарды қоғамға тарту және қоғамымыздың алдында тұрған өзекті , әлеуметтік мәселелердің бірі кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және жастардың бойында патриоттық сезім мен рухани тәрбиені қалыптастыру, ұлттық құндылықты дәріптеу. Сонымен қатар нашақорлықтың алдын алу, буллинг пен лудоманияға қарсы иммунитет қалыптастыру.Сондай –ақ мектебіміздің Қасым Қайсенов атындағы “Қаһарман” әскери- патриоттық клубының мүшелері 7-мамыр Отан қорғаушылар күніне орай ұйымдастырылған әскери - патриоттық салтанатты шеруге қатысты

https://www.instagram.com/reel/C6jLmlWseDP/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/reel/C6lK-V6s6-k/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

7-мамыр Отан қорғаушылар күніне, 9-мамыр Ұлы Жеңіс күніне арналған класс сағаттары өткізілді. Мектебіміздің патриоттық клуб мүшелері тыл ардагерлерінің үйлеріне барып, құттықтауларын жеткізді.








https://www.instagram.com/p/C6vF63ss7D7/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/p/C6vFuXCM_Ws/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/p/C6vF2cEs1QR/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/p/C6vFkc_o4ib/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/p/C6q5ZNOIlXv/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/p/C6q6RKEMhoz/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/reel/C6vG0KrsP0L/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/p/C6vluunMAOD/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Халық қаһарманы “Сағадат салған сара жол “ тақырыбында ерлік сабағы өтті. Екінші дүниежүзілік соғыста қазақ жауынгерлерінің арасында өшпес ерлік көрсеткен қазақстандық батырлардың ерлігі мен олардың есімдері халық арасында сақтау арқылы жас ұрпақты отансүйгіштікке баулу мақсатында шараға Ауған соғысының ардагерлері Мырзалин Марат , Иманкулов Амангельды қатысып, өз ерліктері туралы баяндап осы сұрапыл соғыстағы қазақ батырларының ерен еңбегі мен жан тебірентерлік сезімдері мен бөлісе білді.





https://www.instagram.com/p/C7VT9booor-/?utm_source=ig_web_copy_link

«Ұлттық мүдде» құндылығын сіңіруде оқу жылының соңына арналған «Білімім-Отаныма» сынып сағаттарының маңызы зор болды.








https://www.instagram.com/p/C7cRiqcsuLn/?utm_source=ig_web_copy_link
https://www.instagram.com/p/C7cRiqcsuLn/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/reel/C7cStKfMj5G/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/reel/C7cS7t0se3I/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/p/C7cUpnRMCyl/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

**Талап құндылығы** бойынша: «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша класс жетекшілермен жиналыс, «Тоғыз айға 9 іс -шара» тұжырымдамасы аясында «Сергіту сәті» және «Денсаулық күні 2023» ойын сайыстары, «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы «Жолда жүру ережелерін білесің бе?» тақырыбында сынып сағаттары т.б. **Ар-ұят құндылығы** бойынша: «Ата – аналар мектебі» жобасы аясында Отбасы күні аясында «Отбасым» челленджі, Жасөспірімдердің

**Ар-ұят құндылығы:**

- Академиялық адалдық қағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету;
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірмүшесі екенін сезіну;

**Күтілетін нәтижесі:**

- ✓ Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- ✓ Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- ✓ Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- ✓ Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- ✓ Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді;

**Талап құндылығы:**

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орната білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

**Күтілетін нәтижесі:**

- ✓ Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- ✓ Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- ✓ Қоршаған орта тазалығын сақтайды;

- ✓ Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- ✓ Ізденімпаз, жасампаз тұлға.